

## ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

## PROBLEMS OF LINGUISTICS

MFTAP 16.21.35

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss1pp9-21](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp9-21)

**Б.Ж. Абильмажинова<sup>1</sup>, Б.К. Аубакирова<sup>2</sup>, Д.К. Шаяхимов<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан Республикасы

### ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖАҢА ФОРМАТТА ЗЕРТТЕЛУ БАҒЫТТАРЫ

*Мақалада тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелу бағыттары қарастырылды. Тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелу бағыттарының негізгі қағидалары «адам мен қоғам» феноменінің арақатынасындағы сөз қолданысының жаңа қырынан қарастыру нысанасы мен олардың жасалу, жұмсалу, қабылдау құбылысының прагматикалық ерекшеліктері сипатталды. Жаңа бағыттағы зерттелу тәсілдерінің экстратілтанымдық факторлармен қамтылған әлеуметтік тілтаным, қолданбалы тілтаным, психотілтаным, этнотілтаным антропологиялық коммуникативтік тұрғыдан даму процестерінің мәні және оның қоғам үшін маңыздылығы анықталды. Тіл мәдениетінің ұлттық формада қарқынды дамып, қоғам ортасындағы қызметінің жетіле түсуі, оның түрлі жағымсыз келеңсіздіктер арылуы арқылы тілдік ұжым мүшелерінің тіл мәдениетін жоғары деңгейде қалыптастыру мәселесін қарастыруға қадам жасалды.*

*Кілт сөздер: тіл мәдениеті, сөз мәдениеті, тілтаным, тілдік норма, лингвистика, коммуникативтік, психологиялық, антропология, этника, психотілтаным, этнотілтаным, қағидаттар, тұжырымдар.*

### НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелу бағыттары жаңа салалар даму үрдістері бойынша қарастырылды. Қазіргі техногендік өркениет заманында әрбір жеке тұлғаның тілдік бейнесі мен әдептілік әлеуеті, эмоциялық интеллектісі – заманауи қоғамның стратегиялық қуат көзі, потенциалды ресурсы жаңа қарым-қатынас түрлерін талап етеді. Осы тұрғыдан тіл мәдениетінің заманауи қоғамдағы тілдік бейненің қалыптасуы, стратегиялық жаңа бағытта даму процестері қарастырылады.

Қазақстан Республикасының тіл туралы 1997 жылғы 11 шілдедегі №151-1, Қазақстан Республикасының Заңы 2008.21.11. жалпы ережелерінде мемлекеттік тілдің (8-15 б-да) мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда, (16-18 б-да) білім беру, ғылым, мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары саласында, (27 б-да) тілді шетелдермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда пайдалану т.б. талаптары тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелу бағыттарын тудырып отыр. Мұндай қағидаттар тіл білімінің әлеуметтік қызметін, тіл болмысының қатынастық түрлерін, тілдің функционалды жағын зерттеу басымдықтары т.б. қазіргі кезде өзекті мәселеге айналды.

Тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелу бағыттарының маңыздылығы ашылып, заманауи қоғамдағы әлеуметтік кеңістіктегі қолданыс сипатына тоқталып, қоғам үшін қажеттілік потенциалына көз жүгіртуді мақсат еттік.

Тіл мәдениетінің алғашқы ой-тұжырымдарын, оның табиғатын тіл білімінің шеңберінде алғаш рет қарастырған отандық ғалымдардың М. Балақаев, Р. Сыздық, Н. Уәлидің еңбектеріне сүйене отырып, зерттеу нысаны жүргізілді. Орыс ғалымдары Б. Н. Головин, Е. М. Верещагин, Ю. В. Бромлей, И. Кант, А. О. Гелен, В. Г. Костомаровтардың және шетел ғалымдары А. Дюранти, П. П. Джиглиоли, Д. Кристаллдың да ғылыми көзқарастары басшылыққа алынды.

## КІРІСПЕ

Қазіргі заманауи технологияның қарыштап дамуына байланысты тіл мәдениетін зерттеудің жаңа бағыттары пайда болды. Жаңа заманда адамның еркін демократиялық құқықтары, ерікті мінез-құлықтары туралы тұжырым қалыптасты. Оның басты қағидалары нарыққа, демократияға, азаттық қоғамға бет бұрған әлеуметтік мәдениетті басшылыққа алды. Өйткені соңғы жылдары тіл мәдениетіне қатысты зерттеу үрдістері антропоцентризм (адам-орталық) бағытына назар аударыла бастағаны байқалады. Өйткені қазіргі кездегі тіл саясаты мен оның күнделікті қатынас құралы ретіндегі практикалық проблемаларын заманауи қоғамның мүддесі мен талабына сәйкес зерттеу өзектілігі тілдің әлеуметтік мәселелеріне қызғушылықтың артқаны байқалады.

Тіл мәдениетінің жаңа бағытта зерттелуі, оның қоғамдық, әлеуметтік қарым-қатынас құбылыс ретінде тіл табиғатын тереңірек зерттеу – қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, қоғамдағы берік тұғырын қалыптастыру мақсатында өзекті мәселе болып табылады.

### Мақсаты:

- қазіргі кезде тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелу бағыттарына байланысты антропоцентристік бағытта зерттелу заңдылықтарын қарастыру;
- антропоцентристік бағытта зерттелу аумағына жататын әлеуметтік тілтаным, қолданбалы тілтаным, психотілтаным, этнотілтаным негізінде сөйлеудің тиімділік теориясын қалыптастыру мәселесін қарастыру;
- тіл мәдениетінің жаңа бағыттағы бірнеше аспектілік мәселелерін ғылыми теориялық тұрғыдан талдау жасау.

Зерттеу объектісіне – антропоцентристік бағытта зерттелу аумағына жататын әлеуметтік тілтаным, қолданбалы тілтаным, психотілтаным, этнотілтаным, тіл мәдениеті, стилистика салалары алынды. Тіл мәдениетінің қоғамдағы тілдік сөйлеу мәдениетімен байланыста болғандықтан, қазіргі қоғамдағы өзгерістерге қатысты сөйлеу қызметінің дәстүрін қалыптастыру мәселесі қарастырылды.

Тіл мәдениетінің жаңа бағытта зерттелу мәселесіне қатысты антропоцентризм – (адам-орталық) заңдылығына байланысты «сөйлеудің тиімділік теориясын» қалыптастыру мақсатында оның «сауатты әрі түсінікті әсем жеткізу» қағидаттары қамтылады. Мұндай әрекеттер адам өмірін басқалармен және қоғаммен қарым-қатынас стратегияларын реттейді.

Жаңа бағыттағы экстратілтанымдық факторлармен қамтылған тілдік коммуникация мәселесіне тоқталып, заманауи әлеуметтік кеңістікте психологиялық, этникалық, әлеуметтік, антропологиялық, экологиялық, коммуникативтік тұрғыдан зерттеу жүргізген отандық ғалымдар М. Балақаевтың «тіл мәдениетіне қатысты рухани өмір жетістіктерінің жиынтығы», Р. Сыздықтың «тілдік норманы сауатты, сапалы ұстану номалары», Н. Уәлидің «сөздің айқын, дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шынығу» ұстанымдарының қағидаттарын қоғам және адам үшін қаншалықты маңызды болатынын таразылуға әрекет жасалды.

Осы тұрғыдан тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелу бағыттарының негізгі қағидалары «адам мен қоғам» феноменінің арақатынас дискурсындағы сөз қолданысының жаңа қырынан қарастыру нысанасы мен олардың жасалу, жұмсалу, қабылдау құбылысының прагматикалық ерекшеліктері қарастырылады. И. Кант, А. О. Гелен, Б. Н. Головин, Э. Д. Сулейменова, Д. Байдрахманов пен Г. Досжан еңбектеріне шолу жасалды.

Қазіргі уақыт талабына сай тіл мәдениеті парадигмасының басты мақсаты «сөйлеу қарым-қатынасының тиімділік қағидалары» бағытында зерттелуі – антропоөзекті сипатқа тән болып келеді. Сондықтан да тілдік тұлғаның сөйлеу қызметінің тіл жүйесімен сәйкестігін тіл

мәдениетінің жаңа форматта зерттелу аясында психотілтаным, этнотілтаным әлеуметтік, қолданбалы тілтаным бағытында қарастырылды.

«Адам және қоғам» ортасындағы «сөйлеудің тиімділік теориясын» қалыптастыру мақсатында «сауатты әрі түсінікті әсем жеткізу» қағидаттарының қаншалықты дәрежеде іске асырылатынын, тілдік тұлғаның сөйлеу қызметінің тіл жүйесімен сәйкестігінің талаптары қаншалықты деңгейде орындалатынын тіл мәдениетінің жаңа бағытта зерттелу бағыттарымен бірлікте қарастырып, талдау арқылы зерттеуді жөн көрдік.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Қазақ тіл мәдениетінің басты талабы – сөйлеу мәдениетінің сапасын жоғары деңгейге көтерудің басты ұстанымы – сауатты дұрыс айту (жазу) нормасы. Тіл мәдениеті ұғымына тілдік норманың басты үш бағытын ұстанады. Лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық, дыбысталу нормасы – тілдік нормаға; сөйлеу этикасының ережелері – сөз нормаларына; сөйлеу қарым-қатынасының нормалық қағидалары – коммуникативтік норма тұжырымдамаларын қамтитыны белгілі. Тіл мәдениетінің тұжырымдарына сәйкес жаңа бағытта әлеуметтік тілтаным, психотілтаным, қолданбалы тілтаным ұғымдарының заманауи ортада қаншалықты ауқымды салмағының барын салыстырмалы тұрғыдан қарастыра отырып, зерттеу гипотезасын жүргіздік.

Бірнеше жаңа бағыттағы экстратілтанымдық факторлармен қамтылған тілдік коммуникация мәселесіне тоқталып, заманауи әлеуметтік кеңістікте психологиялық, этникалық, әлеуметтік, антропологиялық, коммуникативтік тұрғыдан даму процестерінің мәнін «адам және қоғам» үшін маңыздылығын таразылуға әрекет жасалды. Тіл мәдениетінің ұлттық формада қарқынды дамып, қоғам ортасындағы қызметінің жетіле түсуі, оның түрлі жағымсыз келеңсіздіктерден арылуы арқылы тілдік ұжым мүшелерінің тіл мәдениетін жоғары деңгейде қалыптастырудың жағымды ортасы қалыптастыру көзделді.

Осы тұрғыдан тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелу аясында қарастырылған психотілтаным бағытына қатысты мәселе қарастырылды. Қоғамда адамның сөйлеу қатынасына қатысты ойлау психикасы арқылы қабылдануы, қоғам ортасындағы адамның өміріндегі әлеуметтік жағдайы мен қызметтік жағдайына қатысты жинақталған ақпараттық факторлармен байланыста қарастыру мәселесі талданды.

Соңғы жылдары тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелу бағытына қатысты этнотілтаным мәселесіне ғалымдар тарапынан қызығушылықтар молынан байқалады. Тіл мәдениетін халқымыздың рухани мұраларын, ұлттық құндылықтарының дәстүрлі мәдениетімен байланыстыру, арқылы өзінің қоғамдағы шынайы көзқарасын білдіру дағдыларын қалыптастыру проблемалары қарастырылып сараланды.

Тіл мәдениетінің әлеуметтік тілтаным бағытын зерттеу объектісі – тілдің функционалды қызметін зерттеу. «Адам және қоғам» ұстанымына қатысты тілдің қоғамдық қатынас түрлері мен әлеуметтік қызметінің дұрыс айту мен жазу нормасының мәдениеттілігі ғалымдардың тұжырымдарымен салыстырмалы тұрғыдан қарастырылды.

Тіл мәдениетіне қатысты антропология мәселесі «адам және қоғам» ұстанымына қатысты прагматикалық, лингвистикалық антропологияның түрлі мәдени нанымдары мен идеологияларын қалыптастыру процестерінде атқаратын рөлін тіл мәдениетімен байланыстыра отырып, шетел ғалымдарының идеяларымен байланыстары отырып талдауды көздедік.

Қазіргі заманауи қоғамда ғылыми-техника бағытында болып жатқан өзгерістер, жедел дамып келе жатқан әлеуметтік орта, инновациялық жаңалықтар тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелу заңдылықтарына да ерекше әсер ету факторлары байқалады. Мәселен, ақпараттық коммуникативтік технологиялар, интернет желілері, қоғамды цифрландыру т.б жетістіктер тіл мәдениетінің зерттеу бағыттарын жаңа форматта іске асыру мүмкіндіктерін тудыруда. Соған орай, «адам және қоғам» ұстанымына қатысты қоғамдағы ақпараттық технологияның, цифрлық байланыс кеңістігінің кеңеюінің себебінен тілдік қарым-қатынас әрекетінде техникалық дискурстың пайда болу заңдылықтары қарастырылды.

Тіл мен мәдениет ұғымы тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынас әрекетінің алуан түрлі форматтарына байланысты әртүрлі тың бағыттарда жүріп жатқаны немесе тіл мәдениетін зерттеу проблемалары көп векторлы тұрғыдан қалыптасады. Осы тұрғыдан, тіл мәдениетінің зерттелу факторлары оның психотілтаным, этнотілтаным, әлеуметтік тілтаным, антропологиялық және қазіргі техникалық даму үрдісіне қатысты пайда болып жатқан жаңа элементтермен толықтырылу үрдістерін де тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелу қажеттіліктерін тудыруда.

«Адам және қоғам» ортасындағы «сөйлеудің тиімділік теориясын» қалыптастыру мақсатында «сауатты әрі түсінікті әсем жеткізу» қағидаттарының басты ұстанымы – антропоцентристік ортада тілдік тұлғаның сөйлеу қызметінің дәстүрін қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Оның себебі тіл мәдениетінің тіл білімінің басқа салаларынан айырмашылығы – тілдік тұлғаның күнделікті өмірде тілді қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен тығыз байланыста болып келетіні белгілі. Сондықтан да тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелу бағыттарының антропоцентристік орта болғандықтан зерттеу тәсілдерінің басымды бағыттары тіл мәдениетінің негізгі фундаменталды тұжырымдарын қалыптастырған М. Балақаев Р. Сыздықова, Н. Уәлидің идеяларымен бірлікте қарастырылды.

Оған нақты тоқталатын болсақ, «адам және қоғам» ортасында «сөйлеудің тиімділік теориясын» қалыптастыру мақсатында тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелу бағыттарымен бірлікте қарастыра отырып, М. Балақаев Р. Сыздықова, тіл мәдениетіне тән нормаларды меңгеру идеяларымен (тілдік тұлғаның таза, нақты, лайықты әдеби тілмен сөйлеу) сабақтастыра отырып, талдау әдістері жүргізілді.

Тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелу бағыттарының аясында «адам және қоғам» ортасындағы сөйлеу мәдениетінің «әсем жеткізу» ұстанымдары негізінде тіл мәдениетін жетілдіру мақсатында Н. Уәлидің (... сөйлеу өнеріне шыныққандық ...) идеясы негізінде тілдік тұлғаның тілін ұстарту мәселесімен сабақтастырыла қарастырылды.

## ТАЛҚЫЛАУ

Қазіргі заманауи уақыт талаптарына сай тіл мәдениетінің «сөйлеудің тиімділік теориясын» ұғымдарына қатысты сөйлеу мәдениетін жоғары деңгейге көтерудің басты ұстанымы – дұрыс айту формасы. Қазақ әдеби тілін қалыптастыруда жазу және сөйлеу мәдениетін ұлттық мүдде ретінде қарастырған ғалымдардың тілдік норма ережелерін жүйелеп жетілдіру проблемасымен айналысқан еңбектері баршылық.

Тіл ұғымының қыр сырына терең үңілу үрдісі – ғалым А. Байтұрсынұлынан басталып, соңынан көптеген ғалымдардың тіл мәдениетін зерттеу процесінің негізі болды. М. Балақаев «Қазақ тілінің мәдениеті» атты еңбегінде «Мәдениет ұғымына оқу-ағарту, ғылым, өнер және тағы басқа да рухани өмір табыстарының жиынтығы енеді», – деген болатын [1, 33].

М. Балақаевтың тіл мәдениетінің түсінігіне қатысты қазіргі заманауи ортадағы «адам және қоғам» ұстанымы бойынша тілдік тұлғаның тіл мәдениетіне тән нормаларды игеру арқылы таза, сауатты, түсінікті, сөйлеген сөзі жатық, ой-пікірінің логикалық тұрғыдан дұрыс байланысқан және толық аяқталған мәліметтерден құрастырылу қажеттіліктерімен сабақтастыруға болады.

Ғалымдардың айтылған пікірлеріне мұқият көңіл бөліп қарайтын болсақ, мәдениет ұғымына түрлі пікірлер беріледі. Себебі мәдениет атауының өзі материалдық әрі рухани болып екі бағытқа бөлінеді. Соның ішінде рухани мәдениетке жататын тіл мәдениетіне ғалым Р. Сыздық «Тіл мәдениеті дегеніміз сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру», – деп сипаттама берген болатын [2, 24].

Тіл мәдениетіне қатысты Р. Сыздықованың ойын «адам және қоғам» ұстанымы бойынша тілдік тұлғаның қоғам ортасындағы «сөйлеудің тиімділік теориясын» жағымды ортасын

қалыптастыру мақсатында тіл білімінің теориялық нормасының ең қажетті нұсқаларын меңгерудің маңыздылығы зор болып табылады. Тілдік тұлғаның сапалық сөйлеу қызметінің дәстүрін қалыптастыруға, тілдік ортаның тазалығына, сөйлеу этикасында сөздерді іріктеп, сұрыптап, талғаммен қолдануға дағдыландырады. Аталған міндеттер «адам-орталық» бағытына қатысты тіл мәдениетінің «сөйлеудің тиімділік теориясының» қағидаттарына сәйкес әдеби тілдің сауатты нормасы дәстүрлі антропоцентризм ортасын қалыптастырады. Тіл мәдениетінің әдеби тілдің нормасы мен сөйлеу тілінің қарым-қатынасын зерттейтін саласы болғандықтан, оны күнделікті өмірде үздіксіз қолдану негізінде «әсем жеткізу» ұстанымдарына қатысты мәселелерді дұрыс жолға қою арқылы тіл мәдениетін «адам және қоғам» ортасында жетілдіруге әбден болады деген пікірімізді ұсынамыз.

Тіл мәдениетін жан-жақты аспектілік қырларынан қарастырған Н. Уәли өзінің еңбегінде «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар, айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық», – деп өзінің пікірін білдірген болатын [3, 89].

Н. Уәлидің тілдік тұлғаның қарым-қатынас әрекетінде оның білімі, мәдениеті, ой-өрісі, ішкі жан-дүниесінің рухани байлығы сөйлеген сөзінен, сауатты жазуынан байқалатыны белгілі. Осы тұрғыдан «адам және қоғам» ұстанымы бойынша тілдік тұлғаның қоғам ортасындағы «сөйлеудің тиімділік теориясын» жетілдіру мақсатында сөзді әсерлі етіп жұмсау, лингвистикалық нормаларын ұстану, жетілдіру талаптарын қатаң бақылай отырып, тіл мәдениеті мен өз мәдениетін қатар ұстану арқылы дәстүрлі антропоцентризм ортасының қалыптасуының жағымды жақтарының арта түсері даусыз болып табылады.

Осы тұрғыдан қазіргі заманауи қоғамда тіл мәдениетінің жаңа форматта даму бағыты – психотілтаным, этнотілтаным, элеуметтік және қолданбалы тілтаным салаларына қатысты зерттелуде. Өйткені қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамына сөздердің синонимдік және омонимдік қатарлары, кірме сөздер, ғылыми терминдер, жаңа сөздер қатары жылдар өткен сайын молайып, тіптен мағыналары да өзгеріске түсіп, коммуникативтік әрекет бағытында өзгеріске түсуде. Соған орай, тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелуі психотілтанымның ерекшеліктерін қарастырып, оның қатысымдық әрекетке қаншалықты әсері болатыны зерделейміз.

Психотілтаным (грек. *psyche* «жан» + лат. *lingua* «тіл») – жалпы адамзаттың сөйлеу функциясы, сөйлеудің пайда болуы, қалыптасуы мен қабылдануы, адамның сөйлеу қабілетіндегі психикасы, оның ақыл-ойы, әртүрлі экстратілтанымдық факторлармен қамтылған адам қызметінің басты бағытының жеке жағдайына қатысты қолданылады. Психотілтаным терминінің алғаш рет зерттеп, оның заманауи түсінігін енгізген американдық психолог-ғалымдар Ч. Осгуд пен Т. Себеок болатын. Ғалымдар адамның мінез-құлқы, психикалық үрдістерін түсіну және оны түсіндіру үшін қолданылатын тіл, ұғымдар мен идеологияларға қатысты психологиялық коммуникацияны зерттеуге әрекет еткен болатын. Психотілтаным бағытының зерттелу аспектілеріне Зигмунд Фрейдтің психоаналитикалық теориясы психотілтанымның дамуына айтарлықтай әсер етті.

Тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелу бағытына қатыстымының басты ұстанымы тілтанымдық емес «адам және қоғам» ортасында тұлғаның өзімен, басқа тұлғалармен қарым-қатынаста талдаумен байланысты біршама деректерді теориялық тұрғыдан түсіну, ұғыну принциптерін ұстанады. Себебі тіл мәдениетінің дәстүрлі антропоцентризм ортасын қалыптастыру үшін күнделікті өмірде тілді қолдану, жазу, сөйлеу арқылы психотілтаным бағытында «сөйлеудің тиімділік теориясын» және «ойдың түсініктілігінің» тиімді қағидаларын қалыптастырады.

Тіл мәдениетінің жаңа бағытта зерттелу бағыттарына қатысты мәселелерге этнотілтаным үрдісін жатқызуға болады. Этнотілтаным (грек. *ethos* «халық», *linguistique* «тіл туралы ғылым») – тілімізді халқымыздың дәстүрлі рухани мәдениетімен байланыстыру, өзін қоршаған ортаға деген шынайы көзқарасын білдіру, шынайы өмір бейнесін қабылдау әрекеттері және т.б. мүмкіндіктерді зерттейтін бағыт болып саналады. Этнотілтаным - тілді адамзаттың кемелденген ақыл-ойы, салт-дәстүрі, тұрмыстық жағдайлары, мінез-құлықтық

ерекшеліктері, шынайы құбылыстарды қабылдауы, мифологиялық көзқарастары және т.б. белгілері бойынша зерттеу әрекеттері тұрғысынан жүргізеді. Этнотілтаным халықтың болмысынан туындап, ақыл-санасында тұрақталып, ғасырлар бойы тәжірибеден өтіп, тарихи мұра ретінде тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық құндылықтардың бірі болып саналады.

Осы тұрғыдан тілдік тұлғаның «адам және қоғам» ортасында ұлттық болмысы, дүниетанымы қарым-қатынас әрекетінде ұлттық тілі арқылы танылады. Соған орай, тіл мәдениетінің жаңа бағытта зерттелу бағытында тілдік тұлғаның қарым-қатынас арқылы халқының қоғамдық санасын, өмір сүру салтын, әлемді сезінуі мен қабылдауы арқылы күнделікті «сөйлеудің тиімділік теориясының» қағидалары қалыптасады. Ұлттық мінез-құлқы мен ерекшеліктерін айқындайтын тілдік қарым-қатынас арқылы оның антропоцентризм ортасында пайдалануға деген жарамдылығын жүзеге асырады. Тілдік тұлғаның ұлттық ерекшеліктерін айқындайтын қарым-қатынас әрекетіндегі ұлттық дискурста іске асырылады. Осы тұрғыдан тіл мәдениеті мен ұлттық мәдениетін қатар ұстану арқылы тілдік тұлға антропоцентризм ортасының қалыптасуына әсер етеді.

Тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелуін антропология (антропологиялық лингвистика) тұрғысынан зерттеу еңбектері бар екені белгілі. Жалпы антропология – адам туралы ғылым. Антропология саласы адам мәдениетінің қалыптасуы, дамуы тәрізді мәселелермен айналысатыны белгілі. Прагматикалық антропология бағыты бойынша И. Кант: «Еркін әрекет етуші тіршілік иесі ретінде адам өзін-өзі қалыптастырады, қалыптастыра алады және қалыптастыруға тиіс», – деген тұжырымдары негізінде адамның қабылдағыштығы, білім алуға деген икемдігі, қабілеті, қоғамдық санасы, ділі, өмір сүру салты, дәстүрі, әлемді сезінуі мен түйсінуіне терең көңіл бөлді [4, 351]. Аталған бағытты жалғастырушы А. Гелен антропология жүйесі туралы еңбегінде «Адамның ... мәдениеттің жасайтыны оны кез келген жануардан ерекше етеді және сол уақытта оны айқындайды», – деген тұжырымдары негізінде адамды адам ететін және оны өзге тіршілік иесінен бөліп тұратын мәдени тұрғыдан қалыптасуының бірыңғай процесін анықтаған болатын [5, 164].

Тіл мәдениетінің антропологиялық тұрғыдан зерттелу ерекшеліктерін И. Канттың көзқарастары негізінде салыстыратын болсақ, тілдік тұлғаның өмір сүру салтын, тәжірибелік дағдыларын, идеялық көзқарастарынан қалыптасатын міндетті заңдылық болып табылады. Тілдік тұлғаның қарым-қатынас негізінде «адам және қоғам» ортасында өзінің үздіксіз дамуы арқылы қоғамдық санасын, мәдени көзқарасын, білімі мен біліктілігін жетілдіру арқылы этносты, ұлтты қалыптастырудың қуатты қаруына айналады. Осы тұрғыдан «адам және қоғам» ортасында қарым-қатынас негізінде тіл мәдениетінің кемелденген, мәдени нанымдары және көзқарастары қалыптасқан антропоцентризм ортасының тұрақталу заңдылығы қалыптасады.

Тіл мәдениетінің жаңа бағытта пәрменді тұрғыдан дамып жатқаны толығынан байқалады. Оның дәлелі ретінде жоғарыда атап өткен психотілтаным, этнотілтаным, тіл мәселесін антропологиялық тұрғыдан тану және әлеуметтік ортадағы қолданбалы тілтаным бағыттарының пайда болып, оның тіл мәдениетінің өзіндік шартты белгілерімен де тығыз байланыста зерттеу мүмкіндіктерінің туындауына куә боламыз. Мұндай құбылыстар тіл мәдениеті саласының дәстүрлі ұғымдарының біртіндеп қолданыстан шығуы, немесе жаңадан пайда болған ұғымдармен алмасып жатқаны байқалады.

Оның дәлелі ретінде тіл мәдениетінің нормаларын цифрлық байланыс кеңістігінің кеңеюінің себебінен интернет, компьютерлік дикурс аясында (электронды құжат айналымы, ұялы байланыс, гаджет, смайлик СМС және т.б.) зерттелу тенденциялары байқалады. Осы тұрғыдан алғанда қазақ тілінің лексикалық қазынасын толықтыратын жаңа тілдік бірліктердің ғылыми танымның негізі ретінде рөл атқаратына зер салып, оның жаңаша сипаттау бағытын қарастыру мақсаты көзделеді. Мұндай құбылыстардың тіл мәдениетіне әсері, британдық зерттеуші Д. Кристалдың «Тіл және интернет» атты еңбегінде интернеттің бағдарламалық және ақпараттық құралдарының негізінде пайда болған лингвистикалық жаңа сөздер

жиынтығы қажеттілікке байланысты стихиялы түрде туындады деген дәйектемені алға ұсынған болатын [6; 24].

Қазіргі кезде тілдік тұлғалардың қарым-қатынас әрекетінде белсенді қолданылып жүрген лексикалар қатары ақпараттық технология, Интернет желісі, жасанды интеллект ұғымдарына қатысты жасанды сөздер немесе ағылшын тілінен енген сөздердің көбею процесі байқалады. Осы тұрғыдан «адам және қоғам» ортасында қызметтік қарым-қатынас негізінде жасанды тілдер мен ағылшын тілінен енген сөздер қатарының қолданысы, әдеттегі қалыпты жағдайларға айналғанына куә болып жүрміз. Тіл мәдениетінің мұндай тенденциясында дамуын Ш. Құрманбайұлы: «Ағылшын тілінен енген сөздердің бірлі-жарым атаулары ғана (mouse - тінтіуір, Internet - ғаламтор, adapter - бейімдеуіш т.б.) қазақ тіліне аударылды. Десек те олар жаппай қолданылатын сөздер қатарына қосыла қойған жоқ. Кірме сөздердің балама нұсқасы қолданылып жарыса жұмсалып жүрген атаулар. Қалған басым бөлігі аударылмай алынды. Мұндай деректер ағылшын сөздерін түпнұсқадан аударуға, балама болатын жаңа сөз жасауға ниет те, талпыныс та жоқ екенін көрсетеді. Оның себебі бізде ағылшын тілінен тікелей сөз алу дәстүрі қалыптаспаған. Кеңестік кезеңдегі «шет тілдерін, терминдерді аударудың қажеті жоқ» деген түсінік қалыптасқан» - деп тұжырымдаған болатын [7].

## НӘТИЖЕЛЕР

Мақаладағы тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелу бағыттарының объектісі ретінде қарастырылған психотілтанымның басты ұстанымы тілтанымдық емес, тұлғаның өзімен, басқа тұлғалармен қарым-қатынаста талдаумен байланысты біршама деректерді теориялық тұрғыдан түсініп ұғыну принциптерін ұстанады. «Адам және қоғам» ортасында өзінің қолданбалы қызметін атқарушы коммуниканттар сезімдер мен эмоциялар арқылы адамның ішкі жан-дүниесін жеткізуші, ғылыми терминологияны меңгерген психологтар немесе клиенттер топтарынан тұратын тілдік тұлғаларды атауға болады.

Антропоцентризм ортаның қалыптасуына тілдік тұлғалар қатынасының әрекеті арқылы адамның ішкі жан-дүниесінің атаулары арқылы сипаттап түсіндіру немесе түсініп қабылдау лингвистикалық психотілтанымның міндеті болып табылатынын мойындауымыз қажет. «Адам және қоғам» ортасындағы оның қолданысының маңыздылығы психотерапиялық мәселелерді шешу, түсіну, қабылдау және пысықтау үшін қажет екені белгілі.

Мұндай идеяларды американдық психолог-ғалымдар Ч. Осгуд пен Т. Себеок психотілтаным бағытын тілтанымдық емес, тұлғалардың өзара қарым-қатынас әрекеттеріндегі ақпараттарды теориялық тұрғыдан түсініп ұғыну, талдау болып табылады деген пікірлерін айтқан болатын.

Мұндай мәселелерге балалар мен жасөпірімдердің шет тілдерін игеруі, бұқаралық ақпараттар құралдарын сөйлеу қабілетінде еркін қолдану дағдыларын қалыптастыру мәселелерін жатқызуға болады. Сонымен қатар, тілдік тұлғаның өзінің қызметінде психологиялық тұрғыдан эксперименталдық зерттеулер, инженерлік (авиация, ғарыш және т. б.) психология, сот және қылмыстану психологиясын меңгеру проблемаларын жатқызуға болады. Психотілтанымның тұлғалар арасындағы әрекеттестік бағытында өзара танып білу, түсіну, ұғыну заңдылықтары «сөйлеудің тиімділік теориясын» қалыптастырып, дәстүрлі антропоцентризм ортаның нығаюына жағымды жағдайлар жасалады.

Этнотилтаным мәселесі жалпы ғылымға тән дифференция үрдістерінің негізінде жіктеліп, экстротілтаным, психотілтаным, паратілтаным т.б. бағыттарын Е. М. Верещагин, В. Г. Костомаровтардың тұжырымдарымен сабақтастыруға болады. Ғалымдардың: «Мәдениет – қоғамдағы идеялармен, өнермен, өмір сүру салтымен көрініс беретін өркениет пен мәдениеттің жемісі. Нақтылы бір уақыт пен кеңістіктегі халықтың салт-дәстүрі, өркениеті, жетістіктері. Белгілі бір адамдар тобының бір уақытта жасаған өнері, адамзат ойының жемісі» - деген тұжырымдарымен дәлелдеуге болады [8, 86].

Этнотілтаным мәселесі «адам және қоғам» ортасындағы тілдік тұлғалардың ұлттық ерекшелік сапасында көрінуі, ұлттық болмысы мен білімі, дүниетанымы қарым-қатынастар мазмұны негізінде көрініс береді. Осы тұрғыдан тіл мәдениетінің «тіл арқылы адамды тану» бағытына қатысты зерттеу форматының талаптарына сай келеді. Өйткені тіл мәдениетінің ұлттық ерекшеліктерінің тікелей көрінуіне тілдік тұлғалардың сөйлеу мәдениетінің үрдісі шешуші қызмет атқаратыны белгілі.

Этнотілтаным бағытындағы тілдік қатынастың белгілі бір жағдайда арнайы лексикалық сөздер қатарын қолданылу үрдісінде түсінікті болады. Тілдік тұлғалар арасындағы мазмұндық идея тілдік жағдаятқа, адресатқа, адресантқа тікелей байланысты болып келетін құбылыс. Нақтылы бір кеңістік пен уақыт аралығында сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы айтылымдардың мазмұндық жиынтығынан қалыптасады. «Адам және қоғам» ортасында «сөйлеудің тиімділік теориясын» қалыптастыру мақсатында тілдік қатысымға түсушілердің бәріне түсінікті болуы қажет.

Сонымен қатар, тілдік тұлғалардың танымдық біліміне сай келуі де міндетті болуы керек. Мұндай талаптардың іске асырылуы – ұлттық тілдің тілдік тұлғалар тарапынан толықтай меңгерілуі болып табылады. Тілдік тұлғалар арасында қолданылған тіл бірлігінің ұлттық мәдени мазмұнын бір жағының немесе екі жақты түсінбеушілік жағдайы қалыптасса, онда қарым-қатынас әрекеті нәтижесіз әрі сәтсіз болады. Соған орай, тіл қызметіндегі нормалық қатынастардың бұзылуы мен төмендеуіне әкеледі. Мұндай жағдаяттар «сөйлеудің тиімділік теориясын» және «ойдың түсініктілігінің» тиімді қағидаттарына қарама-қайшы келетіні белгілі.

Бұдан ұғатынымыз: этнотілтаным мәселесі «адам және қоғам» ортасында қауымдастықпен өмір сүретін тілдік тұлғалардың тікелей бір-бірімен тығыз байланыста болып келуімен де сабақтасып жататыны белгілі. «Сөйлеудің тиімділік теориясын» іске асыру үшін қарым-қатынас әрекеті тек қана ақпарат берумен ғана шектелмейді, ол танымдық процесс ретінде ақпаратты ұсынумен бірге оның қабылдау мүмкіндіктерін қамтиды. Қарым-қатынас әрекетіндегі ақпараттарды дұрыс түсініп, дұрыс қабылдаудың басты принципі коммуникацияға қатысушылардың «ойдың түсініктілігінің» тиімді қағидаларын қалыптастыруда тілдік тұлғалардың айтылған мәселеге қатысты белгілі бір білімі мен түсінігінің болуы.

Антропологиялық лингвистика бағытында тіл мен мәдениеттің лингвистика тұрғысынан зерттеліп, жаңадан тың идеялар да туындай бастағаны белгілі. Лингвистикалық антропология атауымен аталып, адамдар мен қауымдастықтардың әлеуметтік өміріндегі тілдің ерекшеліктері мен рөлін, тілдің қарым-қатынастың қалыптасу үрдісін зерттейтін бағыт болып саналады. И. Кант пен А. Геленнен басқа Алессандро Дурантидің «Лингвистикалық антропология: оқырман» атты еңбегінде тілдік антропология адамдар қарым-қатынасындағы әлеуметтік сәйкестілікте, топ мүшелігінде, мәдени нанымдар мен идеологияларды орнату процесінде маңызды рөл атқарады. Ол: «Лингвистикалық антропология бағыты - ресми кездесулердегі, тілдерді әлеуметтендіруді, салт-дәстүрлерді және саяси оқиғалардағы, ғылыми дискурс, ауызша сөйлеу, тілдік байланыстар және тілдік ауысулар, сауаттылықты және бұқаралық ақпарат құралдарын зерттеуге ұмтылыс жасады, – деп сипаттаған болатын [9]. Антропологияның көрнекті профессоры Алессандро Дуранти лингвистикалық антропология тіл білімін тіл мәдениетін әлеуметтік құрылымдармен байланыстыра отырып зерттеуге ат салысты

Пиер Паоло Джиглиолидің «Тіл және әлеуметтік контексте» дүниетаным, грамматикалық категориялар, семантикалық өрістер арасындағы байланыс, сөйлеу әрекетінің әлеуметтенуін антропологиялық тұрғыдан зерттеп сипаттаған болатын [10].

Мұндай заңдылық лингвистикалық антропологиядан өзгеше болып келеді. Тіл мәдениетінің антропологиялық тұрғыдан зерттелуі сөздердің жасалу жолдары, фонология, тіл воколизациясының семантикасы мен грамматикалық жүйе мәселелеріне көңіл аударды. Сонымен қатар, тұлғаның екі немесе одан да көп тілде сөйлесу процестерінде пайда болатын «кодты ауыстыру» мәселесіне көп назар аударған болатын.



Осы тұрғыдан біздің ұғатынымыз «Адам және қоғам» ортасында үздіксіз жүріп жататын қарым-қатынастар негізінде күнделікті кездесулер, ұжымдық қатынастар, қызмет аумағындағы әлеуметтік, саяси оқиғалар т.б. негізінде қалыптасып, әрбір тілдік жағдаят, тілдік сана, тілдік ортаның тілдік тұлғалардың өмір сүру салты, дәстүрі, әлемді сезінуі мен түйсінуі негізінде қабылдау арқылы іске асырылады.

Уақыт өте келе әлеуметтік қолданбалы тілтаным мәселесінің маңыздылығы жылдан жылға арта түскені байқалады. Оның себебі ХХІ ғасыр өркениет заманының жедел дамып жатқан кезеңі. Әлемдік кеңістіктің жаппай өзгеру үрдісіндегі даму процестері тіл білімі мен тіл мәдениетінің ауқымды өзгеру әрекеттеріне де өзінің ықпалын тигізуде.

Әлеуметтік ортадағы қолданбалы тілтаным бағыттарының пайда болып, оның тіл мәдениетінің өзіндік шартты белгілерімен де тығыз байланыста зерттеу мүмкіндіктері оның «адам және қоғам» ортасындағы қолданыс заңдылықтарына, тіл мен мәдениет арасындағы әрекетінің сипатына, тілдегі өзіндік өзгерістеріне, тілді қолданушылардың әлеуметтік факторларына, оның түрлі нұсқаларына қатысты ауқымды мәселелерді зерттейтін тілтаным саласы екені белгілі.

Заманауи қоғамда ғылыми-техника саласының қарқынды даму тенденцияларына байланысты әлеуметтік ортаның да өзгеріске түсу заңдылықтарына әсер етуде. Осы тұрғыдан қазіргі кезде уақыт талабына сай тіл білімінің тіл мәдениеті бағытында да зерттеу форматының өзгеруіне әсер етуде.

Әлеуметтік ортадағы қолданбалы тілтаным бағыттарының өзгеру үрдістеріндегі жаңа терминдердің қарқынды тұрғыдан енуі «адам және қоғам» ортасында дәстүрлі қолданыстарға айналған. Оның бірталайы қазақ тіліне аударылып, ұлттық тілдің құрамын қалыптастырды. Мәселен, тінтіуір – mouse, ғаламтор – Internet, бейімдеуіш – adapter сөздері ғана қазақ тіліне аударылды. Қалғандары файл, фейк, хайп, чат, шоу, хакер, вай-фай, вебинар, себ-сайт, гангстер, гугл, джокер, диджей, дизайнер деп жалғаса береді.

Осы тұрғыдан алғанда, Д. Байдрахманов пен Г. Досжанның қазақ тіліндегі кірме сөздердің қолданылуының лингвистикалық аспектілері бойынша талдаған ғылыми мақаласында ағылшын тілінің жаһандану мен ақпараттың қозғаушы күші болғандықтан ақпараттық технология құралдарының қуатты таратушы болып табылады деген уәждемені ұсынады [11, 347].

Осы тұрғыдан әлеуметтік тілтаным бағытында басқа тілдерден енген сөздердің күнделікті өмірде дәстүрлі тұрғыдан қолданысқа еніп тұрақтала бастағаны байқалады. Мұндай заңдылықтардың қалыптасуын, әдеттегі әлеуметтік тұрғыдан «адам және қоғам» ортасындағы қызмет әрекетінің жүргізілуіне де байланысты болатыны белгілі. Аталған құбылыстар біртіндеп, күнделікті қарым-қатынас әрекеті арқылы тіптен тілдік нормаға да айналып бара жатқанын байқаймыз. Мұның дәлелі ретінде тіл мәдениетінің әлемдік экологиясын толық өзгерткен жаһандық факторды Д. Кристал «...интернет технологиясы ауызша және жазбаша тілдің лингвистикалық тұрғыдан коммуникацияның жаңа ортасымен толықтырды, лингвистикалық тәжірибеге жаңа бағыттағы әр-түрлі сипатын енгізді», – деген пікірі арқылы жаңа бағыттағы концептілерін ұсынды [12].

Осы тұрғыдан кірме сөздердің ерекшеліктерін, әлеуметтік-психологиялық қырларынан зерттей отырып, олардың атауын, сапасын, тілдік норма талаптарына сай болуын анықтау, оның қарым-қатынас әрекетіндегі ойдың дәлдігі, анықтылығы, тазалығы, көңіл-күйге әсер ететін шынайылығы маңызды рөл атқарады.

Тілдік қарым-қатынас әрекетіндегі тілдік базалық қордың жаңаруы немесе өзгеруі заңдылықтарының қаншалықты тиімді екенін анықтау мақсатында жас ғалым Ә. М. Қызырованың тұжырымын дәлел ретінде қолдануға болады деп ойлаймыз. Жас ғалым: «Қазақстан Республикасының мәдениеттік, саяси-экономикалық қатынастары ағылшын тілді мемлекеттермен күннен-күнге нығайып келеді. Осындай қарым-қатынастар қазақ тіліндегі ағылшын сөздерінің санын көбейтуге негізгі себеп болып отыр. Ағылшын сөздері мен тіркестері тіліміздің сөздік қорын молайтады. Олар рухани мәдениет, ғылым мен техника,

өркениет жетістіктерінің сипатын беретін лексикалық топ. Мұндай топтың тілде жиі қолданылатыны белгілі», – деп сипаттады [13].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелу бағыттарының тиімді аспектілерін қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, қоғамда тұрақты әрі дәстүрлі қолданыс заңдылықтарын қалыптастырады. Соған орай, антропоцентристік орта қалыптастыру мақсатында әлеуметтік тілтаным, қолданбалы тілтаным, психотілтаным, этнотілтаным негізінде «сөйлеудің тиімділік теориясын» қалыптастыруда тілдік тұлғаның сөйлеу қызметі мен оның тіл жүйесінің сәйкестігі сөйлеушінің психикасы, ақыл-ойы, сана-түйсігімен ұғыну арқылы іске асырылады.

«Адам және қоғам» ортасындағы «сөйлеудің тиімділік теориясын» қалыптастыру, ой-пікірлерді «сауатты әрі түсінікті әсем жеткізу» қағидаттарының қыр-сырын терең ашу мақсатында тіл мәдениетінің моральдық рухани көздерінің этикалық мәнін ашып, қазіргі кездегі әлеуметтік кеңістіктегі тіл қолданысының маңыздылығын айқындауда, тілдік тұлғалар мен тіл тұтынушысының антропоцентристік ортадағы үздіксіз коммуникативтік әрекеттестікте сөйлеу қарым-қатынасының тиімділік қағидаларын жетілдіріп, сөйлеу қызметінің дәстүрін қалыптастырып танытады.

Тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелу мәселесіне қатысты антропоцентризм - (адам-орталық) заңдылығына байланысты «сөйлеудің тиімділік теориясын» қалыптастыру мақсатында оның «сауатты әрі түсінікті әсем жеткізу», «сөйлеу қарым-қатынасының принциптері» қағидаттары тілтанымдық бағытта қабылдамайды. Антропоцентризм - (адам-орталық) заңдылығына байланысты тілдік тұлғаның басқа коммуниканттармен өзара әрекеттесу бағытында айтылған мәселеге қатысты белгілі бір білімі мен түсінігі болуы және теориялық ұғынуы болуын қалыптастыратын фактор.

Тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелу бағыттарының басты ұстанымы - сөйлеу мәдениетін ұлттық мүдде ретінде тану, «адам және қоғам» ортасында тілдік тұлғалардың әлеуметтік тұрғыдан жоғары көзқарастарын қалыптастыру, тіл мәдениетін әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар мен ұлттық мәдениеттің жоғары шыңы, тірегі ретінде бағалау міндеттерінің негізінде кез-келген антропоцентристік ортада тіл мәдениетін жетілдіріп, ұлттық мүдде құндылықтары ретінде танудың моральдық түсініктерін қалыптастырады.

Сөйлеу мәдениетінің тиімділік қағидаларын тұрақты қалыптастыру мақсатында тіл мәдениетінің басты мақсаты – «адам және қоғам» ортасында оның басты бағыты тілдің теориялық танымын терең меңгеру емес, тілдік тұлғаның қарым-қатынас негізінде қажетті ақпараттарды түсіне білуі, қабылдай алуы, ұғынуы, тануы «сөйлеу қарым-қатынасының тиімділік қағидаларын» қалыптастырып, антропоцентристік ортада жағымды қарым-қатынас үрдісінде тіл мәдениеті дамиды.

Тіл мәдениетінің әлеуметтік тілтаным, қолданбалы тілтаным, психотілтаным, этнотілтаным аясында қарастыра отырып, мұндағы басымды ұстаным тілдік тұлғаның тілін жетілдіру үшін тіл мәдениетіне тән нормаларды тұтыну қағидаттары арқылы сөйлеу мәдениетін ұлттық мүдде ретінде тану, бағалау сезімдерін коммуникативтік жағдаятта көрініс береді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – А., 2004. – 240 б.
- 2 Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы/ Рәбиға Сыздықова / – А., 2014. – 290 б.
- 3 Уәли Н. М. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы. – А., 2007. – 326 б.
- 4 Кант И. Антропологияны прагматикалық тұрғыдағы қарастыру. М., 1999. – 471 б.

- 5 Гелен А. Жүйелік антропология туралы // Батыс философиясындағы адам мәселесі: аудармалар / құраст. П. С. Гуревич; жалпы ред. Ю. Н. Попова. - М., 1988. – 152-201 б.
- 6 Crystal D. Language and the Internet. Cambridge: Cambridge University Press, 2004. – 272 p
- 7 Құрманбайұлы Ш. «Қазақ лексикасына енген барлық сөздерді аудару мүмкін емес. Оның қажеті де жоқ болар». Аналитикалық портал Check-point.kz. – Нұр-Сұлтан, 2021.
- 8 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Тіл және мәдениет. М., 1973. – 232 с.
- 9 Duranti Alessandro. "Linguistic Anthropology: the Reader". Blackwell Anthologies in Social & Cultural Anthropology, Parker Shipton (Series Editor), 2 nd edition, Wiley-Blackwell, 2009.
- 10 Dillioli P. P. «Language and social context: selected readings». Paper, Penguin Books, September 1, 1990
- 11 Baidrakhmanov D., Doszhan G. Historical and sociolinguistic aspects of use of anglicisms in the Kazakh Language // Procedia-Social and Behavioral Sciences. – 2015. – Т. 190. – С. 346–352. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.05.009>.
- 12 Crystal D. A Language Revolution: from reluctance to renaissance. – Malden, MA: Polity Press, 2004
- 13 Қызырова Ә.М. «Ағылшын кірме сөздерінің қазақ тіліндегі ассимиляция үдерісі». Диссертация авторефераты. – Алматы, 2017. – 27 б.

Материал 23.10. 2023 баспаға түсті

### **Направления изучения языковой культуры в новом формате**

Б.Ж.Абильмажинова<sup>1</sup>, Б.К. Аубакирова<sup>2</sup>, Д.К. Шаяхимов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Кокшетауский университет им. А.Мырзахметова, Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова, Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

*В статье рассмотрены направления изучения языковой культуры в новом формате. Основные принципы направления исследования языковой культуры в новом формате, объект рассмотрения феномена «человек и общество» с нового аспекта словоупотребления в реляционном дискурсе, а также прагматические особенности феномена их были описаны создание, использование и получение. С акцентом на проблеме языкового общения с экстракогнитивными факторами новых методов исследования определен смысл психологических, этнических, социальных, антропологических, коммуникативных процессов развития в современном социальном пространстве и его значение для общества. Сделан шаг к рассмотрению проблемы формирования языковой культуры членов языкового коллектива на высоком уровне за счет быстрого развития языковой культуры в национальной форме, совершенствования активности в социальной среде, устранение различных негативных проблем.*

*Ключевые слова: языковая культура, культура слова, языкознание, языковая норма, лингвистика, коммуникативная, психологическая, антропология, этника, психотеология, этноязычие, принципы, выводы.*

### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ**

- 1 Балакаев М. Культура казахского языка. – А., – 2004. – 240 с.
- 2 Сыздыкова Р. Языковая норма и ее формирование (кодификация). Многотомный сборник сочинений / Рабига Сыздыкова. – А., 2014. – 290 с.
- 3 Уали Н. М. Теоретические основы казахской словесной культуры. Подготовлена диссертация на соискание ученой степени доктора филологических наук. – А., 2007. – 326 с.
- 4 Кант И. Антропология с прагматической точки зрения. М., 1999. – 471 с.

- 5 Гелен А.О системной антропологии // Проблема человека в западной философии: Переводы / Сост. и послесл. П.С. Гуревича; Общ. ред. Ю.Н. Попова. – М., 1988. – С. 152-201.
- 6 Crystal D. Language and the Internet. Cambridge: Cambridge University Press, 2004. – 272 p.
- 7 Курманбаев Ш. «Невозможно перевести все слова, вошедшие в Казахскую лексику. Возможно, в этом нет необходимости». Аналитический портал Check-point.kz. Нур-Султан, 2021.
- 8 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. М., 1973. – 232 с.
- 9 Duranti Alessandro. "Linguistic Anthropology: the Reader". Blackwell Anthologies in Social & Cultural Anthropology, Parker Shipton (Series Editor), 2 nd edition, Wiley-Blackwell, 2009.
- 10 Dillioli P. P. «Language and social context: selected readings». Paper, Penguin Books, September 1, 1990
- 11 Baidrakhmanov D., Doszhan G. Historical and sociolinguistic aspects of use of anglicisms in the Kazakh Language // Procedia-Social and Behavioral Sciences. – 2015. – Т. 190. – С. 346–352. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.05.009>.
- 12 Crystal D. A Language Revolution: from reluctance to renaissance. – Malden, MA: Polity Press, 2004.
- 13 Кызырова А.М. «Процесс ассимиляции английских слов в казахском языке» Автореферат диссертации. – А., 2017. – 27 с.

Материал поступил в редакцию журнала 23.10.2023

### **Directions of study of language culture in a new format**

B. J. Abilmazhinova<sup>1</sup>, B.K. Aubakirova<sup>2</sup>, D.K. Shayakhimov<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Kokshetau University named after A.Myrzakhmetov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup>Kokshetau University named after Sh.Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

*The article discusses the directions of studying linguistic culture in a new format. The basic principles of the direction of research of linguistic culture in a new format, the object of consideration of the phenomenon "man and society" from a new aspect of word usage in relational discourse, as well as the pragmatic features of the phenomenon, their creation, use and reception were described. With an emphasis on the problem of linguistic communication with extracognitive factors of new research methods, the meaning of psychological, ethnic, social, anthropological, environmental, communicative processes of development in modern social space and its significance for society is determined. A step has been taken to consider the problem of forming the linguistic culture of members of a linguistic community at a high level through the rapid development of linguistic culture in the national form, improving activity in the social environment, and eliminating various negative problems.*

*Key words: linguistic culture, culture of the word, linguistics, linguistic norm, linguistics, communicative, psychological, anthropology, ethnics, psychotheology, ethnolinguism, principles, conclusions.*

### REFERENCE

- 1 Balaqaeв M. *Qazaq tili mádenieti* [Balakaev M. Culture of the Kazakh language]. (Almaty, 2004). [in Kazakh]
- 2 Syzdyqova R. Til normasy jáne onyń qalyptasýy (kodifikasiyası). Kóp tomdyq shyǵarmalar jınaǵy / Rabıǵa Syzdyqova / [Language norm and its formation (codification). Multi-volume collection of essays / Rabıǵa Syzdykova]. (Almaty 2014). ). [in Kazakh].
- 3 Ýalı N. M. Qazaq sóz mádenietiniń teorıalyq negizderi. Filologıa ǵylymdarynyń doktory ǵylymı dárejesin alý úshin dısertasıa daıyndaldy. [Theoretical foundations of Kazakh verbal culture. A dissertation has been prepared for the degree of Doctor of Philology]. (Almaty, 2007). [in Kazakh].

- 4 Kant I. Pragmatikalyq turǵydan Antropologia. [Anthropology from a pragmatic point of view]. (Moscow, 1999). [in Russian].
- 5 Gelen A. Júelik antropologia týraly // Batys filosofiasyndaǵy adam máselesi: aýdarmalar / qurast. jáne keiın. P. S. Gýrevich; jalpy red. Iy. N. Popova. [On Systemic Anthropology // The Problem of Man in Western Philosophy: Translations / Comp. and afterword by P.S. Gurevich; General ed. by Yu.N. Popov]. (Moscow, 1988). [in Russian].
- 6 Crystal D. Til jáne Internet. Kembridj: Kembridj Ýniversitetiniń Baspasy. [Language and the Internet]. (Cambridge: Cambridge University Press, 2004). [in English].
- 7 Qurmanbaev Sh. "Qazaq leksikasyna engen barlyq sózderdi aýdarý múmkin emes. Múmkin bul qajet emes shyǵar". Taldaý portaly Check-point.kz. ["It is impossible to translate all the words included in the Kazakh vocabulary. Perhaps this is not necessary." Analytical portal Check-point.kz]. (Nursultan, 2021). [in Kazakh].
- 8 Vereshagin E. M., Kostomarov V.G. Til jáne mádeniet. [Language and culture]. (Moscow, 1973). [in Russian].
- 9 Dýrantı Alessandro. "Lingvistikalyq Antropologia: Oqyrman". Blekvelldiń Áleymettik Jáne Mádenı Antropologiadagý Antologialary, Parker Shipton (Seria Redaktory), 2 nd basylym, Ýailı-Blekvell. ["Linguistic Anthropology: the Reader". Blackwell Anthologies in Social & Cultural Anthropology, Parker Shipton (Series Editor), 2 nd edition, Wiley-Blackwell]. ( 2009). [in English].
- 10 Dıllıolı P.P. "Til jáne áleymettik kontekst: tańdalǵan oqýlar". [«Language and social context: selected readings»]. (Paper, Penguin Books, 1990). [in English].
- 11 Baıdrahmanov D., Dosjan G. Qazaq Tilinde anglikızmderdı qoldanıdyń Tarihı-sosiolıngvistikalyq aspektleri // Prosesia-Áleymettik Jáne Minez-Qulyq Gýlymdary. [Historical and sociolinguistic aspects of use of anglicisms in the Kazakh Language // Procedia-Social and Behavioral Sciences]. (2015). <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.05.009>. [in English].
- 12 Krıstal D. Til Revolúsiyası: qulyqsyzdyqtan renesansqa deın. [Language Revolution: from reluctance to renaissance]. (Malden, MA: Polity Press, 2004). [in English].
- 13 Qyzyrova A. M. "Qazaq tilindegi aǵylshyn sózderin asimilásialaý prosesi" dısertasiyanıń referaty. ["The process of assimilation of English words in the Kazakh language" Abstract of the dissertation]. (Almaty, 2017). [in Kazakh].

Received: 23.10.2023

MFTAP 16.31.02

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss1pp21-31](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp21-31)

**Н.А.Байжанова<sup>1</sup>, Г.О. Сыздықова<sup>1</sup>**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

### **МОДАЛЬДІЛІК МАРКЕРЛЕРІНІҢ ЭМОЦИЈНЫ ЖЕТКІЗУДЕГІ РӨЛІ: ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ**

*Мақалада модальділік маркерлердің тілде эмоционалды бояуды берудегі маңыздылығы қарастырылады. Модальділік коммуникацияда түрлі эмоция мен сезімді жеткізу тәсіліне әсер ететін негізгі лингвистикалық санаттардың бірі саналады. Сондықтан зерттеуімізде модаль сөздер мен сөз тіркестерінің, модальділікті білдіретін грамматикалық категориялардың эмоционалды мазмұнды қабылдауға әсері психолінгвистикалық талдау әдістері арқылы жүзеге асады. Модаль мәнді құрылымдардың семантикасы мен прагматикасына назар сала отырып, нақты мысалдар негізінде сараланады. Модальділік санатының жалпы тіл біліміндегі, қазақ тіл біліміндегі зерттелуіне шолу жасау арқылы*